

АО «СК «Сентрас Иншуранс»	ПС-06 Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств	Издание №4 от 01.01.2019 г.	Стр. 1 из 22
		Взамен Издания №3 от 14.07.2018 г.	



Утверждены решением
Совета директоров
АО «СК «Сентрас Иншуранс»
Протокол № 49 от «26».11.2018 г.

ПС-06

Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств АО «СК «Сентрас Иншуранс»

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Контроль	Комплаенс-контролер	Троценко Д.А.		23.11.2018

Виза	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Согласовано	Директор Департамента страховых выплат	Былин А.А.		22.11.2018
Согласовано	Главный специалист 1 категории УПО ЮД	Нартаева Г.К.		23.11.2018
Согласовано	Заместитель Директора Департамента Андеррайтинга	Самойлова Т.В.		22.11.2018

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Разработал	Специалист 1 категории ОМ	Джумагулов Т.Э.		22.11.2018

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Негізгі ұғымдар	4
3. Сақтандыру объектісі	5
4. Шарт түрлері.....	5
5. Шарт жасасу тәртібі	6
6. Сақтандыру оқиғасы	7
7. Сақтандыру сомасы	7
8. Сақтандыру сыйақысы.....	8
9. Шарттың қолданылу мерзімі мен орны	12
10. Шартты тоқтату талаптары.....	13
11. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	14
12. Зардап шегушінің құқықтары.....	17
13. Сақтандыру оқиғасының орын алғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі.....	17
14. Келтірілген залалдың мөлшерін анықтау	19
15. Тікелей реттеу	19
16. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары.....	20
17. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері	20
18. Залал келтірген адамға кері талап қою құқығы.....	21
19. Дауларды шешу тәртібі.....	22
20. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеудің ерекшеліктері	22
21. Ақпараттық өзара әрекеттестік	22

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 3-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

1. Жалпы ережелер

1. Осы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереженің талаптарына сәйкес бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын «Сентрас Иншуранс «Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды бұдан әрі Сақтанушылар деп аталатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасу жолымен жүзеге асырады.

3. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың (бұдан әрі - міндетті сақтандыру) мақсаты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде өмірі мен денсаулығына және/немесе мүлкіне залал келтірілген үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғаныспен қамтамасыз ету болып табылады.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) заңда белгіленген көлемде және тәртіппен Зардап шегушілердің мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

2) көлік құралын оның иесі көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан жағдайда пайдалану;

3) тараптардың көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету;

4) көлік құралдары иелерінің жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға экономикалық мүдделілігі.

4. Міндетті сақтандыруға иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады:

1) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде тіркелген (мемлекеттік тіркеуге жататын) жеңіл, жүк автомобильдерін, автобустарды, шағын автобустарды және олардың базасында салынған көлік құралдарын, мотокөліктер мен олардың тіркемелерін (жартылай тіркемелерді), сондай-ақ трамвайлар мен троллейбустарды;

2) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген (әкелінген);

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген, дайындаушы-ұйымдардан, жөндеу және сауда ұйымдарынан, кедендік бақылау органдарынан тіркеу орнына өз жүрісімен жеткізілетін, сондай-ақ иесінің тұрғылықты жерінің өзгеруіне немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі есептен шығарған көлік құралдары.

5. Көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі ол пайдаланатын көлік құралының әрбір бірлігі бойынша сақтандырылуға тиіс.

6. Шарт бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға осы Ережеде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

7. Шарт жасалмайды:

1) басқа мемлекет пен Қазақстан Республикасы арасында жасалған халықаралық шарттың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы танитын шарт жасасқан иесі басқа мемлекетте тіркелген көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына келген жағдайда;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде көлік құралдары мемлекеттік

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 4-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

тіркеуге және есепке алуға жатпайтын (трамвайлар мен троллейбустарды қоспағанда) иелерімен.

8. Өзінің қызметтік немесе Еңбек міндеттерін атқаруына байланысты, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге де шарт негізінде не көлік құралы иесінің қатысуымен оның еркін білдіруі негізінде мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей, көлік құралын басқаратын адамның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатпайды.

2. Негізгі ұғымдар

9. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) **«бонус-малус» жүйесі** - осы жүйе бойынша тиісті класты бере отырып, Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсінен сақтандыру жағдайларының болуына немесе болмауына қарай арттыратын немесе төмендететін коэффициенттерді қолдану арқылы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша төлеуге жататын, сақтандыру сыйақысы мөлшерін есептеу кезінде пайдаланылатын жеңілдіктер мен үстемеақылар жүйесі;

2) **Зардап шегуші** - көлік құралын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтірілген, оны өтеу жөніндегі міндет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік құралының иесі ретінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктелген тұлға;

3) **жолаушы** - тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша түрде тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;

4) **кешенді шарт** - сақтандыру полисінде көрсетілген екі немесе одан да көп көлік құралдарының иесі болып табылатын жеке тұлғамен жасалатын және бір ғана Сақтандырылушы тұлғаға қатысты қолданылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;

5) **көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі** - Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген жеке және заңды тұлғалардың көлік құралын жоғары қауіптілік көзі ретінде пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу міндеті;

6) **көлік құралын пайдалану** - көлік құралын жолдармен, сондай-ақ оларға іргелес жайластырылған немесе бейімделген және көлік құралдарының қозғалысы үшін пайдаланылатын аумақтармен жүріп-тұру үшін пайдалану;

7) **көлік құралының иесі** - көлік құралын меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не кез келген басқа да заңды негізде (мүліктік жалдау шартында, құзыретті органның көлік құралын беру туралы өкімінің күшіне орай және басқа) иеленетін жеке немесе заңды тұлға;

8) **көлік оқиғасы** - көлік құралын пайдалану үдерісінде және оның қатысуымен туындаған оқиға, сондай-ақ нәтижесінде үшінші тұлғаларға залал келтірілген көлік құралынан бөлінген бөлшектер мен ондағы жүктің қозғалысы;

9) **Пайда алушы** - осы Ережеге сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

10) **сақтандыру омбудсманы** – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

11) **сақтандыру оқиғасы** - шартты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

12) **сақтандыру сомасы** - Сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 5-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

13) **сақтандыру сыйақысы** - Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

14) **сақтандыру төлемі** - Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

15) **Сақтандырушы** - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Сентрас Иншуранс «Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы;

16) **Сақтандырылушы** - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

17) **Сақтанушы** - Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында басқасы көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған адам болып табылады;

18) **стандартты шарт** - сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралының иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлғамен жасалатын және бір немесе бірнеше Сақтандырылушы тұлғаға қатысты әрекет ететін көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;

19) **Тікелей реттеу** - көлік оқиғасында Зардап шегушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеуді Зардап шегушіде осы Ережеде көзделген жауапкершілік көлемі шегінде шарт жасалған сақтандырушы жүзеге асырады.

3. Сақтандыру объектісі

10. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі болып сақтандырылған адамның жоғары қауіптілік көзі ретінде көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген міндетіне байланысты мүліктік мүддесі табылады.

4. Шарт түрлері

11. Шарттар мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) стандартты;
- 2) кешенді.

12. Стандартты шарт бойынша көлік құралының бір немесе бірнеше иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.

13. Стандартты шарт пайдаланылатын көлік құралының әрбір бірлігіне жасалады.

14. Сақтандыру полисінде Сақтанушы (Сақтандырылушы, Сақтандырылушылар) және пайдаланылатын көлік құралы туралы мәліметтер болуы тиіс.

15. Стандартты шарт бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) үшінші тұлғаларға залал келтіру нәтижесінде немесе төмендегі жағдайларда пайда болған азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған болып есептеледі:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) қатысуымен көлік құралын жүргізуге құқығы бар адамның көлік құралын жүргізуі;

2) көлік құралын жазбаша нысанда ресімделген Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) жасалған еңбек немесе өзге шарт негізінде тұлғаның көлік құралын жүргізуі;

3) егер келтірілген залал үшін жауапкершілік Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктелген болса, көлік құралын құқыққа қайшы иеленген адамның көлік құралын басқаруы).

16. Кешенді шарт бойынша екі және одан да көп көлік құралдарының иесі болып табылатын жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.

17. Кешенді шарт пайдаланылатын барлық көлік құралдарына жасалады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 6-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

18. Сақтандыру полисінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) - жеке тұлға және ол пайдаланатын көлік құралдары туралы мәліметтер болуға тиіс.

19. Кешенді шарт бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) үшінші тұлғаларға Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзінің залал келтіру нәтижесінде туындаған азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған болып есептеледі:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) қатысуымен көлік құралын жүргізуге құқығы бар адамның көлік құралын жүргізуі;

2) егер келтірілген залал үшін жауапкершілік Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктелген болса, көлік құралын құқыққа қайшы иеленген адамның көлік құралын басқаруы.

5. Шарт жасасу тәртібі

20. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

21. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін сақтанушының сақтандыру сыйақысын есептеу және сақтанушыны, сақтандырылушыны сәйкестендіру үшін қажетті деректері бар өтініші негіз болып табылады.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша өтініш беру не сақтанушы мен сақтандырушы арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпарат алмасу жолымен жасалуы мүмкін.

22. Сақтандыру полисінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында санамаланған талаптардан басқа, сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшері және шарт түрі көрсетілуі тиіс.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімделуі жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленеді.

23. Шартта мүліктің тауарлық құнын жоғалтуын, сондай-ақ Зардап шегушінің тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу (қызметтер көрсету) мерзімдерін, Келісімшарттар (Шарттар) бойынша оның өзге де міндеттемелерін бұзуына байланысты тұрақсыздық айыбын өтеуді қоса алғанда, Зардап шегушінің моральдық залалды және жіберіп алған пайдасын өтеуді қоспағанда, Зардап шегушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

24. Сақтанушы Сақтандырушыны таңдауда еркін.

25. Сақтандырушы Сақтанушымен шарт жасасудан бас тартуға құқығы жоқ.

26. Шарт бойынша Сақтанушы Сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Пайда алушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында, Ережеде және шартта көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

27. Шарт Сақтандырушының Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін беру жолымен жазбаша нысанда жасалады. Сақтандыру полисі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес беріледі және онда ақпарат, сондай-ақ деректер базасынан алынған бірегей нөмір болады.

28. Сақтанушының өтініші шарт жасасу үшін негіз болып табылады. Өтініш мазмұнына қойылатын талаптар және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар көшірмелерінің тізбесі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

29. Сақтанушыдан электрондық нысанда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін өтініш берген кезде мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану талап етілмейді.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 7-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

30. Сақтандыру полисінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында көрсетілген талаптардан басқа, сақтандырушының бір сақтандыру оқиғасы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшері және шарт түрі көрсетілуі тиіс.

31. Сақтандыру полисіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

32. Егер Сақтандырушы осы Ережеде көзделгенмен салыстырғанда Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе Зардап шегушінің жағдайын нашарлататын талаптарда шарт жасаса, онда сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылушы) мен Зардап шегуші алдында осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес міндет атқарады.

33. Оларды міндетті техникалық байқаудан өткізу орындарында және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның тіркеу бөлімшелерінде шарт жасасу сақтандыру компанияларының агенттік қызметтерін көрсететін көрсетілген орындарда қаржылық қызметтерді жүзеге асыратын ұйыммен ғана жүзеге асырылады.

6. Сақтандыру оқиғасы

34. Сақтандыру оқиғасы деп Шартта көрсетілген көлік құралын сақтандырылған адамның пайдалануы нәтижесінде Зардап шегуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу бойынша Сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің орын алу дерегі танылады.

7. Сақтандыру сомасы

35. Сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемі (бұдан әрі - сақтандыру сомасы) келесілерді құрайды (АЕК-пен):

- 1) әр Зардап шегушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген және өлімге әкеп соққан залал үшін: - 2 000;
- 2) мүгедектіктің тағайындалуы:

I топ - 1 600,

II топ - 1 200,

III топ - 500;

мүгедек бала - 1 000;

мүгедектік тағайындалмай мертігу, жарақаттану немесе денсаулығының өзге де зақымдануы - амбулаторлық және (немесе) стационарлық емдеуге арналған нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспайтын;

3) әр Зардап шегушінің мүлкіне келтірілген залал үшін-келтірілген залал мөлшерінде, бірақ 600-ден көп емес;

4) екі және одан да көп Зардап шегушінің мүлкіне бір мезгілде келтірілген залал үшін-келтірілген залал мөлшерінде, бірақ әрбір Зардап шегушіге 600-ден аспайтын мөлшерде. Бұл ретте барлық Зардап шегушілерге сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері 2 000-нан аспауы тиіс. Асып кеткен жағдайда залал мөлшері Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен сақтандыру төлемі әрбір Зардап шегушіге оның мүлкіне келтірілген залалға мөлшерлес дәрежеде жүзеге асырылады.

36. Зардап шегушінің қайтыс болуына немесе мүгедектігін белгілеуге әкеп соққан өмірі мен денсаулығына келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі Сақтандырушының осы Ереженің 35-тармағында белгіленген жауапкершілігінің шекті көлемі мөлшерінде жүзеге асырылады.

37. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне белгіленген АЕК пайдаланылады.

38. Сақтанушының (Сақтандырылушының) шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілген болса, тіпті егер тиісті шаралар табыссыз болса да, сақтандырушы өтеуге тиіс. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы көлік

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 8-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген жауапкершіліктің шекті көлемінен аспауға тиіс. Егер шығыстар сақтанушының сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар жауапкершіліктің шекті көлеміне қатыссыз толық мөлшерде өтеледі.

Көрсетілген шығыстарды Сақтандырушы оларды шеккен адамға тікелей өтейді.

39. Келтірілген залалды толық өтеу үшін жауапкершіліктің шекті көлемі жеткіліксіз болған кезде сақтанушы Зардап шегушіге сақтандыру сомасы мен залалдың нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді.

40. Зардап шегуші қайтыс болған жағдайда, зардап шегушіні жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға сақтандырушы жерлеуге арналған шығыстарды 100 АЕК мөлшерінде өтейді.

8. Сақтандыру сыйақысы

41. Шарт жасасу кезінде төленуге жататын жылдық сақтандыру сыйақысын есептеу үшін базалық сақтандыру сыйақысы пайдаланылады, оған көлік құралының тіркелген жеріне, көлік құралының түріне, Сақтанушының (Сақтандырылушының) жасына және жүргізу өтіліне, көлік құралын пайдалану мерзіміне және азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған адамдардың кінәсінен сақтандыру жағдайларының болуына немесе болмауына қарай («бонус-малус» жүйесі) осы Ереженің 44-52-тармақтарында белгіленген коэффициенттер қолданылады.

42. Осы Ережеде көзделмеген өзге негіздер бойынша сақтандыру сыйақысының мөлшерін азайтуға немесе ұлғайтуға жол берілмейді.

43. Базалық сақтандыру сыйақысы 1,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді.

44. Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

№ р/с	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы	Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттің мөлшері (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін)
1	2	3
1.	Алматы облысы	1,78
2.	Оңтүстік Қазақстан облысы	1,01
3.	Шығыс Қазақстан облысы	1,96
4.	Қостанай облысы	1,95
5.	Қарағанды облысы	1,39
6.	Солтүстік Қазақстан облысы	1,33
7.	Ақмола облысы	1,32
8.	Павлодар облысы	1,63
9.	Жамбыл облысы	1,00
10.	Ақтөбе облысы	1,35
11.	Батыс Қазақстан облысы	1,17
12.	Қызылорда облысы	1,09
13.	Атырау облысы	2,69
14.	Маңғыстау облысы	1,15
15.	Алматы	2,96
16.	Астана	2,2

45. Ереженің осы бөлімінің 44-тармағында көрсетілген салалардағы өзге қалалар мен елді мекендер үшін жылдық сақтандыру сыйақысын есептеу үшін қосымша 0,8 мөлшерінде түзету коэффициенті пайдаланылады.

46. Қазақстан Республикасының аумағына көлік құралы уақытша келген жағдайда тіркеу аумағы бойынша 4,4 мөлшерінде коэффициент қолданылады.

47. Осы Ереженің 1-бөлімі 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларға көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер қолданылмайды.

48. Көлік құралының типі бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 9-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

№ р/с	Көлік құралының түрі	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жіктеу	Көлік құралының түрі бойынша коэффициенттің мөлшері
1	2	3	4
1.	Жеңіл көліктер	«В» - толық салмағы 3500 кг аспайтын және жүргізушінің отыруынан басқа отыратын орындарының саны 8-ден аспайтын автомобильдер	2,09
2.	16 жолаушы орнына дейінгі автобустар	«Д» - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің орындығынан басқа, 8-ден астам отыратын орны бар автомобильдер	3,26
3.	16-дан астам жолаушылар орны бар автобустар	«Д» - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің орындығынан басқа, 8-ден астам отыратын орындары бар автомобильдер	3,45
4.	Жүк көліктер	«С» - толық салмағы 3500 кг асатын жүк автомобильдері	3,98
5.	Троллейбустар, трамвайлар	Троллейбустар, трамвайлар	2,33
6.	Мото көлік	«А» - мотоциклдер, мотороллерлер және басқа мотокөлік құралдары	1,00
7.	Тіркемелер (жартылай тіркемелер)	«Е» - «В», «С» немесе «Д» көлік құралдарының санаттарына жататын тартқыштары бар көлік құралдарының құрамдары	1,00

49. Жасына және жүргізу өтіліне байланысты коэффициенттер жеке тұлғалар үшін мынадай мөлшерде белгіленеді:

№ р/с	Жасы және жүргізу өтілі	Жасына және жүргізу өтіліне байланысты коэффициенттің мөлшері
1	2	3
1.	25 жастан кем / жүргізу өтілі 2 жылдан кем	1,10
2.	25 жастан кем / жүргізу өтілі 2 жылдан астам	1,05
3.	25 жас және одан жоғары / жүргізу өтілі 2 жылдан кем	1,05
4.	25 жас және одан жоғары / жүргізу өтілі 2 жылдан астам	1,00

50. Заңды тұлғалар үшін Ереженің осы бөлімінің 49-тармағында көзделген коэффициент 1,2 мөлшерінде белгіленеді.

51. Көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

№ р/с	Көлік құралын пайдалану мерзімі	Көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты коэффициент мөлшері
1	2	3
1.	7 жасқа дейін қоса алғанда	1,00
2.	7 жылдан жоғары	1,10

52. Сақтандыру мерзімі аяқталғаннан кейін тиісті класс беріле отырып, «бонус-малус» жүйесі бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 10-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

Сақтандыру мерзімінің басындағы класс	Коэффициент мөлшері	Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен сақтандыру жағдайларының болуын ескере отырып, сақтандыру мерзімі аяқталғаннан кейінгі класс				
		0 сақтандыру оқиғалары	1 сақтандыру оқиғалары	2 сақтандыру оқиғасы	3 сақтандыру оқиғалары	4 және одан көп сақтандыру оқиғасы
1	2	3	4	5	6	7
М класы	2,45	0	М	М	М	М
0-класс	2,30	1	М	М	м	М
1-класс	1,55	2	м	м	м	м
2-класс	1,40	3	1	м	м	м
3-класс	1,00	4	1	м	м	м
4-класс	0,95	5	2	1	м	м
5-класс	0,90	6	3	1	м	м
6-класс	0,85	7	4	2	м	м
7-класс	0,80	8	4	2	м	м
8-класс	0,75	9	5	2	м	м
9-класс	0,70	10	5	2	1	м
10-класс	0,65	11	6	3	1	м
11-класс	0,60	12	6	3	1	м
12-класс	0,55	13	6	3	1	м
13-класс	0,50	13	7	3	1	м

Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) берілетін "бонус-малус" жүйесі бойынша класты есептеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен жыл сайын жүргізіледі.

53. Сақтандырушы «бонус-малус» жүйесі бойынша коэффициенттерді қолдануы үшін Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) берілген, сақтандырушы деректер базасынан алған класы туралы ақпараты бар сақтандыру есебі негіз болып табылады.

54. Деректер базасында Сақтанушы (Сақтандырылушы) туралы ақпарат болмаған жағдайда сақтандырушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жаңа мерзімге жасасу кезінде Сақтанушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың алдыңғы шартының түпнұсқасын ұсынған кезде, осы бөлімнің 52-тармағында келтірілген кестеге сәйкес төмендету коэффициентін қолданады;

55. Сақтандырушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымды және уәкілетті органды хабардар етуге міндетті;

56. Шарт жасасу кезінде сақтанушыға алғаш рет 3-класс беріледі.

57. Ереженің осы бөлімінің 52-тармағында көзделген коэффициенттер азаматтық-құқықтық жауапкершілігі осы Ереженің 12 және 16-тармақтарында көзделген жағдайларда басталған жеке тұлғаларға және заңды тұлғаларға қолданылмайды.

58. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келу жағдайларын қоспағанда, шарт **12 (он екі) айдан** кем мерзімге жасалған кезде көлік құралының бір бірлігіне сақтандыру сыйақыларының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$СП = ГСП * n/N,$$

мұндағы:

СП - **12 (он екі)** айдан кем мерзімге жасалатын шарт бойынша сақтандыру сыйақысының мөлшері (теңгемен);

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 11-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

ГСП - жылдық сақтандыру сыйақысының мөлшері (теңгемен); n - шартты жасасу мерзімі (күнмен); N - 365 күн (кібісе жылы 366 күн).

59. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген жағдайда көлік құралының бірлігіне арналған сақтандыру сыйақысының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$СП = ГСП * К,$$

мұндағы:

СП - Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда **12 (он екі)** айдан кем мерзімге жасалатын шарт бойынша сақтандыру сыйақысының мөлшері (теңгемен);

К - Ереженің осы бөлімінің 60-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзіміне байланысты түзету коэффициенті.

60. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіру кезеңінде шарт жасасу кезінде мынадай коэффициенттер белгіленеді:

№ p/c	Шет мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағында уақытша пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру кезіндегі сақтандыру мерзімі	Коэффициент
1	15 күнге дейін (қоса алғанда)	0,2
2	16 күннен 1 айға дейін	0,3
3	2 ай	0,4
4	3 ай	0,5
5	4 ай	0,6
6	5 ай	0,65
7	6 ай	0,7
8	7 ай	0,8
9	8 ай	0,9
10	9 ай	0,95
11	10 ай және одан көп	1

61. Кешенді шарт бойынша сақтандыру сыйақысы көлік құралының бір бірлігі үшін төленеді, бұл ретте сақтандыру сыйақысының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралдары үшін белгіленген сақтандыру сыйақылары мөлшерінің ең үлкен шамасына тең анықталады.

62. Стандартты шарт бойынша сақтандыру сыйақысы әрбір сақтандырылған адам бойынша есептеледі және Сақтанушы әрбір сақтандырылған адам бойынша есептелген сақтандыру сыйақылары мөлшерінің ең үлкен шамасына тең мөлшерде төлеуге тиіс.

63. Көлік құралдарының иелері - Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер, зейнеткерлер стандартты Шартты жасасқан кезде Ереженің осы бөлімінде есептелген, төленуге тиісті сақтандыру сыйақысының **50 (Елу) пайыз** мөлшеріндегі сақтандыру сыйақысын төлейді.

64. Егер осы Ереженің 63-тармағында көрсетілген тұлғалар санатына жатпайтын басқа иелер көлік құралын пайдаланатын болса, онда шарт мұндай жеңілдіксіз жасалады.

65. Сақтандырушының қалауы бойынша сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан жағдайда сақтанушыға осы Ереженің 8-бөліміне сәйкес есептелген төлеуге жататын сақтандыру сыйақысының он пайызынан аспайтын мөлшерде жеңілдік берілуі мүмкін.

66. Бұл ретте, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында бір мезгілде сақтандыру сыйақысының жалпы сомасы және жеңілдік ескеріле отырып, сақтандыру сыйақысының сомасы көрсетілуге тиіс. Көлік құралдары иелерінің

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 12-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдаланбай, оның ішінде сақтандыру агенттері арқылы өзге тәсілдермен жасасу кезінде жеңілдіктер беруге жол берілмейді.

67. Сақтандырушы Сақтанушының келісімі болған кезде зақымдалған көлік құралын жөндеу кезінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) көлік құралын беруді, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинау жөнінде қызметтер көрсетуді, Сақтанушыға көмек көрсету үшін Сақтандырушы өкілінің (апаттық комиссардың) көлік оқиғасы орнына шығуын қоса алғанда, көлік оқиғасы болған жағдайда көмек көрсетуге байланысты қосымша ақылы қызметтер көрсетуге құқылы.

68. Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйақысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

69. Шарт бойынша сақтандыру сыйақысын төлеуді сақтанушы, егер сақтанушы - жеке тұлға болса, тек бір жолғы төлеммен және егер сақтанушы заңды тұлға болып табылса, бір жолғы төлеммен немесе бөліп төлеуді жүргізеді.

70. Сақтандыру сыйақысын бөліп төлеу кезінде Сақтандырушы Шарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде Сақтанушы алдында жауапты болады. Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі сақтандырушы үшін Шарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз бола алмайды.

71. Кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемеген кезде Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

72. Егер сақтандыру жағдайы мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасын төлегенге дейін келсе, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтаған кезде мерзімі өтіп кеткен сақтандыру жарнасының сомасын есепке алуға құқылы.

9. Шарттың қолданылу мерзімі мен орны

73. Шарт осы Ережеге сәйкес Зардап шегуші деп танылған барлық адамдарға, оның ішінде залал келтіруде кінәлі болып табылатын Сақтанушының (Сақтандырылушының) көлік құралындағы адамдарға қатысты қолданылады:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызметтік немесе Еңбек міндеттерін орындауына байланысты, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге де шарт негізінде не Сақтанушының (сақтандырылушының) қатысуымен мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей оның еркін білдіруі негізінде осы көлік құралын басқаратын тұлғалар;

2) егер Сақтанушы (Сақтандырылған адам) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды реттемелеуші Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінің талабы қолданылатын тасымалдаушы болып табылса, жолаушыларды;

3) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жұмыс берушіге қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру міндеті жүктелген болса, Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызметкерлерін.

74. Шарт шартта белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

75. Шарт ол күшіне енген күннен бастап **12 (он екі) ай** мерзімге жасалады.

76. Шарт жеке немесе заңды тұлғада көлік құралын иелену құқығы туындаған кезден бастап, бірақ жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде осы көлік құралы мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) кезден бастап **10 (он) жұмыс күнінен** кешіктірмей жасалуға тиіс.

77. Осы бөлімнің 75-тармағында көзделгеннен өзге мерзімге шарт жасасуға жол беріледі:

- 1) көлік құралын маусымдық пайдалану кезінде, бірақ 6 (алты) айдан кем емес;
- 2) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысушы-мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының кредиторларымен (Сақтанушыларымен);

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 13-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

3) осы Ереженің 1-бөлімі 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда көлік құралын мемлекеттік тіркеу алдындағы мерзімге, бірақ **5 (бес) күнтізбелік күннен** кем емес;

4) көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келудің барлық кезеңіне уақытша кірген жағдайда, бірақ **5 (бес) күнтізбелік күннен** кем емес.

78. Егер Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шартта өзгесі көзделмесе, Шарттың қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

10. Шартты тоқтату талаптары

79. Шарт келесі жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:

- 1) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 2) шартты мерзімінен бұрын тоқтатқанда;

80. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы бір жұмыс күні ішінде сақтанушыны және деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымды көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату туралы хабардар етеді. Бұл ретте көлік құралының иесі (егер ол жойылмаса) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осы класын (түрін) жүзеге асыруға құқығы бар кез келген сақтандырушымен оның таңдауы бойынша жаңа кезеңге міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

81. Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

82. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату үшін Сақтанушы (Сақтанушы қайтыс болған жағдайда - оның Мұрагері (Мұрагерлері) Сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.

83. Иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған және көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың жаңа шартын осы сақтандырушымен жасасқан кезде сақтандырушының мынадай формула бойынша есептелетін сақтандыру сыйақысының бір бөлігін ұстап қалуға құқығы бар:

$$ЧСП = СП * n/N,$$

мұндағы: ЧСП - сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйақысының мөлшері (теңгемен); СП - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйақысының мөлшері (теңгемен);

n - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап өтініш берген күнді қоса алғанда, оны мерзімінен бұрын тоқтату сәтіне дейін (күндерде) өткен мерзім;

N - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу мерзімі (күндермен).

84. Осы бөлімнің 83-тармағында көзделген талаптар сақталмаған жағдайда сақтандырушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйақысының бір бөлігін мынадай мөлшерде ұстап қалуға құқығы бар:

№ р/с	Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтату сәтіне дейін өткен мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйақысынан пайызбен)
1	2	3
1	15 күнге дейін қоса алғанда	15
2	16 күннен 1 айға дейін қоса алғанда	20
3	1 айдан 2 айға дейін қоса алғанда	30
4	2 айдан 3 айға дейін қоса алғанда	40
5	3 айдан 4 айға дейін қоса алғанда	50

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 14-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

6	4 айдан 5 айға дейін қоса алғанда	60
7	5 айдан 6 айға дейін қоса алғанда	70
8	6 айдан 7 айға дейін қоса алғанда	75
9	7 айдан 8 айға дейін қоса алғанда	80
10	8 айдан 9 айға дейін қоса алғанда	85
11	9 айдан 10 айға дейін қоса алғанда	90
12	10 айдан 11 айға дейін қоса алғанда	95
13	11 айдан астам	100

11. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

85. Сақтанушы құқылы:

1) Сақтандырушыдан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарын, шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқорды (бұдан әрі - дерекқор) қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан міндетіне деректер базасына ол бойынша мәліметтерді енгізу кіретін Сақтанушымен жасасқан шарт туралы мәліметтердің деректер базасында болуы туралы ақпарат сұратуға. Бұл құқық Сақтандырылған адамға да қолданылады;

3) сақтандырушы жүргізген келтірілген залалдың мөлшерін және сақтандырушы жүзеге асырған сақтандыру төлемін анықтау нәтижелерімен танысуға

4) шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға;

5) осы Ереженің 20-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге.

6) өтінішті және қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы жіберу);

7) осы Ережеде және Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға.

86. Сақтанушы міндетті:

1) Шарт жасасқан кезде Сақтандырушыға өзі, сақтандыру полисіне енгізілген әрбір сақтандырылған адам, көлік құралы (құралдары), қос сақтандыру, көлік құралын маусымдық пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіру және осы Ережеде көзделген тәртіппен сақтандыру сыйақысының мөлшерін азайту құқығы туралы мәліметтерді, өтінішке енгізу үшін қажетті мәліметтерді және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын қажетті құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті;

2) шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйақыларын төлеу;

3) көлік оқиғасының және сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы өзіне белгілі болғандай, дереу, бірақ **3 (үш) жұмыс күнінен** кешіктірмей бұл туралы шарт жасалған сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға міндетті. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен **(72 (Жетпіс екі) сағат ішінде)** жазбаша расталуға тиіс. Сақтанушы мен Сақтандырылушы сол бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда, көлік оқиғасының және сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлау жөніндегі міндет сақтандырылушыға жүктеледі. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) дәлелді себептермен аталған әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжатпен растауға тиіс;

4) көлік оқиғасы жасалған кезде Зардап шегушілерге және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлеріне шарт жасалған Сақтандырушының атауы мен орналасқан жерін хабарлауға;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 15-беті
		14.07.2018 ж.№3 Басылымның орнына	

5) көлік оқиғасын жасаған кезде ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қол жетімді шаралар, оның ішінде мүлікті құтқару және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету шараларын қабылдау;

6) тиісті органдар мен ұйымдарға олардың құзыретіне қарай (жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, жедел медициналық көмек қызметі, апаттық қызметтер) көлік оқиғасы және зардап шеккен адамдар туралы хабарлауға;

7) көлік оқиғасы болған кезде уәкілетті лауазымды адамның жазбаша жолдамасын алған сәттен бастап дереу, бірақ 2 (екі) сағаттан кешіктірмей Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес психикаға белсенді әсер ететін затты пайдалану дерегін және мас болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуге;

8) Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының орын алғаны туралы хабарлаған күннен бастап **2 (екі) жұмыс күнінен** кешіктірмей бұл туралы Зардап шегушіні хабардар етуге;

9) сақтандыру оқиғасының орын алуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

87. Сақтанушының Ереженің осы бөлімінің 86-тармағының 4), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген міндеттері көлік оқиғасы кезінде көлік құралын тікелей жүргізген тұлғаға жүктеледі.

88. Сақтандырушы құқылы:

1) Шарт жасасу барысында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, сақтанушыдан осы Ережеге сәйкес шартқа енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде алдыңғы шарттар, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;

2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін және Зардап шегушіге келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

3) көлік оқиғасының себептері мен өзге де мән-жайларын анықтауға;

4) осы Ереженің 18-бөлімінде көзделген жағдайларда залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын беруге;

5) осы Ереженің 17-бөлімінде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға.

89. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, соның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыру;

2) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеу;

3) осы Ереженің 63-тармағында көрсетілген тұлғаларға сақтандыру сыйақысын төлеу бойынша жеңілдік беру;

4) көлік оқиғасы туралы хабарлама алған кезде оны дереу тіркеу;

5) Зардап шегушінің немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Зардап шегушінің қайтыс болуына байланысты залалды өтетуге құқығы бар адамның жазбаша өтінішін алған күннен бастап жұмыс күні ішінде сақтандыру жағдайын растайтын құжаттардың болуы кезінде көлік оқиғасына кінәлі болып табылатын сақтанушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын (Сақтанушының Тегі, Аты, Әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі, жасалған нөмірі мен күні) жасасқаны туралы мәліметтерді жазбаша ұсыну;

6) осы Ережеде белгіленген мерзімде және тәртіппен, мүлікке келтірілген залалдың мөлшерін айқындау туралы өтініш бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) не Зардап

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 16-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

шегушінің (Пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің мүлікке келтірілген залалдың мөлшерін есептеуді жүргізуге және залал мөлшері туралы есепті пайда алушыға танысуға ұсыну;

7) сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін және Сақтандырушы өтеуге тиіс залалдың мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге бұл туралы хабарлауға міндетті;

8) сақтандыру оқиғасы орын алған кезде осы Ережеде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізу;

9) келтірілген залалды осы Ереженің 15-бөлімінде көзделген тәртіппен өтеу туралы жазбаша талаппен жүгінген кезде келтірілген залалды осы Ережеде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде өтеу жүргізу;

10) Сақтанушыдан (Зардап шегушіден, Пайда алушыдан) өтініш алған кезде сақтанушының (Зардап шегушінің, пайда алушының) талаптарын қарау және дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беру;

11) Сақтанушыдан (Зардап шегушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберу;

12) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру оқиғасы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында өзі шеккен шығыстарды өтеу;

13) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету.

90. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушы қамтамасыз етуге міндетті:

1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабарлама түрінде сақтанушыға дереу жіберу;

2) деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы сақтанушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігі;

3) Сақтанушы үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда сақтау;

4) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) келелесілерге қажетті ақпаратты электрондық нысанда (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және жіберу мүмкіндігі:

1. көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының мәліметтерін өзгерту, қайта ресімдеу;

2. көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

3. сақтандыру оқиғасының орын алғаны туралы хабарлама;

4. келтірілген залалдың мөлшеріне бағалау жүргізу;

5. сақтандыру төлемін алу.

91. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде, егер көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап Сақтандырушы ұсынған талаптарда Сақтанушының осы сақтандыру шарты жасалған болып есептеледі.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сақтанушы сол арқылы оған ұсынылған талаптарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісімін растай отырып,

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 17-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді.

12. Зардап шегушінің құқықтары

92. Зардап шегуші құқылы:

1) Сақтандырушыға Сақтанушының (Сақтандырылушының) залал келтірген көлік оқиғасы туралы хабарлауға;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды сақтандырушыға ұсынуға;

3) кез келген медициналық мекеменің қызметтерін пайдалануға;

4) Сақтандырушы жасаған келтірілген залал мен сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау нәтижелерімен танысуға;

5) Зардап шегушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтіруге кінәлі тұлғаның сақтандырушысына осы Ереженің 89-тармағының 5) тармақшасында көзделген тәртіппен осы тұлғада көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының болуы туралы мәліметтерді (Сақтанушының Тегі, Аты, Әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі, жасалған нөмірі мен күні) растау туралы жазбаша түрде жүгінуге;

б) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының болуы не болмауы туралы мәліметтерді (Сақтанушының Тегі, Аты, Әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі, жасалған нөмірі мен күні) беру туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға Зардап шегушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтіруге кінәлі тұлғада сақтандыру төлемін растайтын құжат болған кезде жазбаша өтініш жасауға;

7) осы Ереженің 15-бөлімінде көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін, сондай-ақ келтірілген залалды өтеуді алу;

8) осы Ереженің 20-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгіну;

9) өтінішті және қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсын не сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберу;

10) көлік құралының иесіне келтірілген залал сомасының алынған сақтандыру төлемінің сомасынан асып түсуі мөлшерінде келтірілген залалды өтеу туралы талап қою.

93. Осы Ережеде көзделген жағдайларда, осы бөлімнің 92-тармағында белгіленген Зардап шегушінің құқықтары пайда алушы ретінде әрекет ететін өзге тұлғаларға өтеді.

13. Сақтандыру оқиғасының орын алғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

94. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлғамен Пайда алушының тұрғылықты жері, байланыс телефондарын, банктік деректемелерін (қажет болған жағдайда) сақтандыру төлемін алу тәртібін - қолма-қол ақшамен не сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті банктік шотына аударым жасау арқылы банктік құжаттарды көрсете отырып, жазбаша нысанда ұсынылады.

95. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте, электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні Сақтандырушыға оның тұрғылықты жері бойынша құжаттардың түпнұсқасын ұсынудан босатпайды.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 18-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

96. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін және Зардап шегушілерге келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжат;
- 2) Зардап шегушінің өміріне, денсаулығына залал келтіру фактісі болған жағдайда, зардап шегушінің еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі туралы Денсаулық сақтау ұйымының анықтамасының көшірмесі немесе зардап шегушінің мүгедектігін белгілеу туралы мамандандырылған мекемелердің анықтамасының көшірмесі;
- 3) Зардап шегушінің қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) Пайда алушының залалды өтетуге құқығын растайтын құжат (көшірмесі);
- 5) осы Ереженің 108-тармағында көзделген жағдайда залалдың мөлшерін анықтау туралы өтініш.
- 6) Пайда алушының жеке куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;
- 7) сақтандыру оқиғасы орын алған кезде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы (Сақтандырылушы) шеккен шығыстарды растайтын құжаттар - олар болған жағдайда.
- 8) Электрондық тәсілмен Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы өтінішті жіберген жағдайда Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.
- 9) Өтініш беруші Сақтандырушыға өзі жүгінген кезде анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы Сақтандырушыда қалады.

97. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушының Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) не Зардап шегушіден басқа да құжаттарды қосымша талап етуіне жол берілмейді.

98. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және қабылданған күнін көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндетті.

99. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің белгісімен Сақтандырушыда қалады.

100. Зардап шегуші (ол қайтыс болған жағдайда, Зардап шегушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес залалды өтетуге құқығы бар адам), сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Зардап шегушіге (залалды өтетуге құқығы бар адамға) келтірілген залалды осы Ережеде және Заңда белгіленген Сақтандырушының жауапкершілігі көлемінің шегінде өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге тұлға Пайда алушы болып табылады.

101. Мүлікке залал келтірілген кезде осы мүліктің меншік иесі, ал ол қайтыс болған жағдайда — залалды өтетуге құқығы бар адамдар Зардап шегуші деп танылады.

102. Зардап шегушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша сақтандыру төлемі денсаулықты және (немесе) мүлікті қалпына келтіру жөнінде оған қызмет көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

103. Зардап шегушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі басқа сақтандыру шарттары бойынша оған (залалды өтетуге құқығы бар тұлғаларға) тиесілі сомаларға қарамастан жүзеге асырылады.

104. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушының Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап ету құқығын шектейтін талаптарды қабылдауды талап етуге құқығы жоқ.

105. Сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталған күнгі осы мүліктің нарықтық құны мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда мүлікке немесе оның қалдықтарына құқығы бар.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 19-беті
		14.07.2018 ж.№3 Басылымның орнына	

106. Сақтандырушы Зардап шегушінің өмірі мен денсаулығына залал келтіру дерегі болмаған кезде ішкі істер органдары берген оқиға схемасымен бірге жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттаманың негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы.

14. Келтірілген залалдың мөлшерін анықтау

107. Зардап шегушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген залалдың мөлшері осы Ережеге және Заңға сәйкес тиісті ұйымдар берген құжаттардың негізінде айқындалады.

108. Мүлікке келтірілген залалдың мөлшерін айқындауды сақтандырушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша залалдың мөлшерін айқындау туралы өтініш негізінде он жұмыс күні ішінде жүргізеді.

109. Көлік құралына келтірілген залалдың көлемін айқындауды сақтандырушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жүзеге асырады.

110. Мүлкіне залал келтірілген Пайда алушы осы мүлікті ол немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға залал мөлшерін айқындау туралы өтініш бергенге дейін, көлік оқиғасынан кейін қандай жағдайда болған күйде сақтауға, сондай-ақ көрсетілген өтініш берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандырушыға бүлінген мүлікті тексеріп-қарауды жүргізуге мүмкіндік беруге міндетті.

111. Егер Сақтандырушы осы Ереженің 108-тармағында белгіленген мерзімде келтірілген залалдың мөлшерін анықтамаса, онда Сақтанушы (Сақтандырылушы) не Зардап шегуші (Пайда алушы) немесе олардың өкілдері бағалаушының қызметтерін пайдалана алады және мүлікті қалпына келтіруді (кәдеге жаратуды) бастай алады. Сақтанушы (Сақтандырылушы) не Зардап шегуші (Пайда алушы) немесе олардың өкілдері шеккен бағалаушының қызметтеріне жұмсалған шығындарды Сақтандырушы сақтандыру төлеміне қарамастан өтеуге тиіс.

112. Көлік құралына келтірілген залалдың мөлшерін айқындауды бағалаушы осы Ереженің 109-тармағында көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жүзеге асырады.

113. Осы Ереженің 111-тармағында көзделген жағдайда бағалаушы жүргізген көлік құралына келтірілген залалдың мөлшерін айқындау нәтижесін сақтандырушы Зардап шегушіге (пайда алушыға) немесе оның өкіліне сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қабылдайды.

114. Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес айқындалған залал мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

115. Сақтандырушының Пайда алушыға тиесілі сақтандыру төлемінен залал мөлшерін анықтауға байланысты меншікті шығыстарды ұстап қалуға құқығы жоқ.

116. Сақтандыру оқиғасын қасақана орындау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

117. Шартта иеленушілері бар бірнеше көлік құралдарымен адамға залал келтірілген кезде Пайда алушы сақтандыру төлемін олардың әрқайсысы бойынша жеке алуға құқылы. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Ережеде және Заңда белгіленген жауапкершілік көлемінің шегінде және Сақтанушының жауапкершілігінің мөлшеріне сәйкес жүргізеді. Бұл ретте барлық Сақтандырушылар жүргізген сақтандыру төлемінің жалпы сомасы Зардап шегушіге келтірілген нақты залалдың мөлшерінен және әрбір Сақтандырушы үшін көзделген жауапкершіліктің шекті көлемінен аспауы тиіс.

15. Тікелей реттеу

118. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Зардап шегуші немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Зардап шегушінің қайтыс болуына байланысты залалды өтетуге құқығы бар адам келтірілген залалдың өтемін алу үшін көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша зардап шегушінің жауапкершілігін

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 20-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

сақтандырған Сақтандырушыға, оның кінәсінен сақтандыру жағдайы болған адамның көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болған жағдайда, жүгінуге құқылы.

119. Залал келтірілген мүліктің меншік иесі болып табылмайтын Зардап шегуші осы Ережеде және Заңда көзделген тәртіппен сақтандыру жағдайы болған адамның Сақтандырушысына жүгінеді.

120. Осы Ережелердің 96-тармағы 1), 2), 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Сақтандырушы келтірілген залалды өтеуді жүргізеді.

121. Тікелей реттеу шеңберінде сақтандырушы жүзеге асыратын Зардап шегушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу ол үшін Зардап шегушімен жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындау және сақтандыру төлемі болып табылмайды.

122. Сақтандыру жағдайы болған тұлғаның кінәсі бойынша сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайын реттеген Сақтандырушыға нақты төленген соманы өтейді.

123. Тікелей реттеуді жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары заңмен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

16. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары

124. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Ереженің 13-бөлімінде көзделген құжаттарды алған күннен бастап **15 (он бес) жұмыс күні** ішінде жасайды.

125. Бірнеше Зардап шегушінің мүлкіне залал келтірілген жағдайда Сақтандырушы барлық Зардап шегушілердің құжаттарын алған күннен бастап **7 (жеті) жұмыс күні** ішінде, бірақ басқа Сақтандырылушылардың құжаттарды ұсынғанына қарамастан, бірінші Сақтандырушыға құжаттарды ұсынған Зардап шегушіден құжаттарды алған күннен бастап **15 (он бес) күнтізбелік күннен** кешіктірмей сақтандыру төлемін бастауға міндетті.

126. Егер сақтандыру оқиғасының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде Зардап шегушінің денсаулығы нашарласа (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленеді) не қайтыс болса, онда Сақтандырушы Зардап шегушіден (Пайда алушыдан) келіп түскен өтініш пен тиісті құжаттар негізінде осы Ережеде белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуді жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

127. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

17. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

128. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы төмендегідей жағдайлардың салдарынан болса, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.

129. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:

- 1) Пайда алушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалды тиісті өтеуді алуы;
- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушы) көлік құралын жарыстарда, сынақтарда немесе арнайы тағайындалған орындарда жүргізуге үйрету кезінде пайдалануы;
- 3) көлік құралын тиеу немесе түсіру кезінде залал келтіру;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 21-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

4) Зардап шегушінің ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, бағалы заттар, әшекейлер, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түріндегі мүлкіне залал келтіру;

5) Зардап шегушінің осы Ереженің 110-тармағының талаптарын бұзуы.

130. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы өтінішті және осы Ереженің 13-бөлімінде көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап **7 (жеті) жұмыс күні** ішінде өтініш берушіге бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жіберуге міндетті.

131. Егер сақтандыру жағдайы төмендегідей жағдайлардың салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсері;
- 2) әскери іс-қимылдар;
- 3) азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.

132. Сақтандыру полисінде көрсетілген бүлінген көлік құралы үшін сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

133. Сақтандырушының осы бөлімде көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

18. Залал келтірген адамға кері талап қою құқығы

134. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) төленген сома шегінде қайта талап етуге құқығы бар, егер:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, оның сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері салдарынан басталған;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мастық күйінде басқаруы салдарынан болған;

3) көлік оқиғасын жасаған кезде көлік құралын басқарған адамның оны басқаруға құқығы болмаған;

4) сот талқылауы барысында сақтандыру оқиғасы Сақтанушы (Сақтандырылушы) білген немесе білуге тиіс көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны анықталды;

5) көлік құралы оның техникалық мақсатына тән емес мақсаттарда пайдаланылады;

6) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту жөнінде қасақана шаралар қолданбаған;

7) көлік құралын жүргізген тұлға көлік оқиғасы болған жерден бой тасалаған;

8) көлік құралын жүргізуші және психикаға белсенді әсер ететін затты пайдалану дерегін және мас күйін анықтау үшін куәландыруға жіберілген адам дәлелсіз себептермен мұндай куәландырудан өтпеген.

135. Егер осы Ереженің 134-тармағында санамаланған жағдайларда көлік құралын оның иесімен еңбек қатынастарына байланысты немесе оның иесінің қатысуымен мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей пайдаланатын тұлға келтірілген залалға кінәлі болып табылса, онда Сақтандырушы осы көлік құралының иесіне кері талап қоюға құқылы.

136. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға кері талап ету құқығы ауысады. Бұл ретте, егер сақтандыру жағдайы автомобиль жолдарына және олардағы құрылыстарға қанағаттанғысыз қызмет көрсетуден туындаған жол жағдайларының нәтижесінде болғаны анықталса, сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға көлік құралы иесінің осындай жағдайлар жасауға кінәлі адамға талап ету құқығы ауысады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 22-беті
		14.07.2018 ж.№3 Басылымның орнына	

19. Дауларды шешу тәртібі

137. Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

20. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеудің ерекшеліктері

138. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы (Зардап шегуші, Пайда алушы) құқылы:

1. Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет - ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша өтініш жіберу, немесе

2. көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі) немесе сотқа өтініш жіберу.

139. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Зардап шегушіден, Пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауапты қарайды және ұсынады.

140. Сақтанушы (Зардап шегуші, Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының, Зардап шегушінің (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

21. Ақпараттық өзара әрекеттестік

136.Ішкі істер органдары көлік оқиғасына қатысушыларға не олардың өкілдеріне, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарына, сақтандыру омбудсманына олардың сұрау салуы бойынша сақтандыру жағдайының, сондай-ақ көлік оқиғасы орнынан жасырынған адамның зардап шегушінің өмірі мен денсаулығына залал келтіру жағдайының басталу дерегін растайтын құжаттарды, оның ішінде көлік оқиғасының схемасымен бірге жол жүрісі ережелерін бұзу туралы хаттаманың көшірмесін береді.

137.Көлік оқиғасы және оның салдары туралы ақпараты бар ішкі істер органдары, прокуратура органдары, соттар, Денсаулық сақтау ұйымдары, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар осы ақпаратты Сақтандырушыға, сақтандыру омбудсманына және Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына олар жүгінген кезде беруге міндетті.

138.Сақтанушының (Сақтандырылушының), Зардап шегушінің немесе олардың мұрагерлерінің көлік оқиғасының басталғаны туралы хабарлауы мүмкін болмаған кезде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері тиісті Сақтандырушыны осы көлік оқиғасы туралы хабардар етуді жүзеге асырады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-06 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	01.01.2019 ж. №4 Басылым	22 беттің 23-беті
		14.07.2018 ж. №3 Басылымның орнына	

